

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы №9 орта мектеп шағын орталық

Еркетай ортаңғы тобы

Қыркүйек 1- апта 2023ж

Апта күндері	Дүйсенбі 04.09.	Сейсенбі 05.09	Сәрсенбі 06.09	Бейсенбі 07.09	Жұма 08.09
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау, балаларға жағымды орта туғызу. (сөйлеуді дамыту)				
	Әңгімелесу: «Балабақшаға келе жатырғанда не көрдік» Мақсаты: баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды)	«Кітап бұрышына саяхат» Мақсаты: Суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнеленген суреттері бойынша әңгімелеуге үйрету. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. (көркем әдебиет-коммуникативтік дағды)	«Бала,бала балақан» « Ән айту, би билету арқылы дамытушы ойындарды, қол қимыл әрекет жаттығуларды қолдану сөздік қорды байыту; (музыка**** , дене шынықтыру**шығармашылық дағдыны дамытуфизикалық даму дағдысы)	«Отбасы» суреттерін қарау. Мақсаты. Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. (а,о,ұ,е) дыбыстарды анық айту (Сөйлеуді дамыту,Қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалдық дағдылар)	"Үйшікте кім тұрады?" ("Үйшік" ертегісінің желісімен) үстел ойыны. Мақсаты. Балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Жануар түрлерінің атауын қазақ тілінде айтқызу. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсетеді, балалар оларды атайды.Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету (көркем әдебиет, қазақ тілі***- коммуникативтік дағдылар)
Ата-аналармен	Әңгімелесу: отбасылық дәстүрлер туралы, баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабақшадағы достарымен қарым-				

әңгімелесу, кеңес беру	қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусаққа арналған жаттығу. "Сәлем". Мақсаты. Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Дыбыстарды анық айту. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. (сөйлеуді дамыту, музыка****-коммуникативтік, шығармашылық дағдылар) "Кемпірқосақ" ойыны. Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып, түстердің атауларын атайды. Бір бала қарамай тұрып, қайсы қандай түс екенін қазақ тілінде айтып береді. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:	"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру, әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері, құрастыру--коммуникативтік, танымдық зияткерлік.,әлеуметтік, Шығармашылық	"Сәлем!" саусақ жаттығуы. Мақсаты: ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту.Қолды қағаз бетіне дәстүрден тыс әдіспен бастыру (сөйлеуді дамыту, сурет салу-коммуникативтік, шығармашылық дағдылар)	"Санамақ". М. Қуанышбеков Мақсаты: шағын санамақ тапқакты мәнерлеп жатқа айтуға,сандарды ретімен санап жаттықтыру., (көркем әдебиет, математика негіздері, коммуникативтік, танымдық, дағдылар)	"Шапалақты тыңда" ойыны. Мақсат-міндеттері: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасауға баулу. (музыка****шығармашылық дағды) Логикалық ойындар Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (3-6 бөлік). (математика негіздері, құрастыру- танымдық, шығармашылық дағдылар) Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.

	(сөйлеуді дамыту, математика негіздері. Сурет салу- коммуникативтік, танымдық зияткерлік. Шығармашылық дағдылар)	дағдылар)			
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары. 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерді көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	"Менің отбасым" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Мақсаты. "Отбасы"	"Отбасындағы сыйластық" өлең Мақсаты. бейнелі сөздерді	"Менің ең жақын досым - менің анам" әңгімелесу. Мақсаты. "Менің ең	"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Мақсаты. қарапайым сұрақтарға	"Менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты

	тақырыбында сюжетті суреттер көру. Суретке байланысты сұрақтар қою, шағын тапқақты мәнерлеп жатқа айтуға, сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеуді меңгерту, (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, мүсіндеу, қазақ тілі***- коммуникативтік, шығармашылық дағдылар)	есте сақтауға, шағын тапқақты мәнерлеп жатқа айтуға. сөздерді және әртүрлі сөз таптарынан құралған тіркестерді түсінуді үйрету, гүл салуда түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: (көркем әдебиет, қазақ тілі***, сурет салу- коммуникативтік, шығармашылық дағдылар)	жақын досым - менің анам" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сөздік қорларын молайту, дайын пішіндерден әжеге арналған кәжекейдің бейнесін желімдеп жапсыруды меңгерту; (сөйлеуді дамыту, жапсыру, коммуникативтік, шығармашылық дағдылар))	жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?), жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау (қазақ тілі***, сурет салу, музыка**** коммуникативтік, шығармашылық дағдылар)	. "Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар қою. Жұмбақтардың жауабын үш тілде айтқызу. Суреттерді сипаттау. Белгілі бір нәрсені бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (әжемнің орамалын әшекейлеу); (сөйлеуді дамыту, сурет салу коммуникативтік, шығармашылық дағдылар)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүріп, жай қалыпқа түсу, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске ауысу	Қазақ тілі "Балабақшаға саяхат". Кел, танысайық!" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдап, түсінуге, қабылдай алуға үйрету, ересек адамның үлгісі	Дене шынықтыру "Сапқа тұрайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау	Музыка Дене шынықтыру "Бауырсақпен шеңберге тұру". Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұруға үйрету; шеңберге өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру;	

	және тізені жоғары көтеріп, денені тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бір-біріне қарама-қарсы отырып допты домалату іскерліктерін жетілдіру; допты домалату (1,5-2 м қашықтықта аяқты алшақ ұстап отырып) жаттығуларын орындау; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын ояту. "Қай жануар қалай секіреді?" пысықтау ойыны. Мақсаты: қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;	бойынша амандасуды және қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсінеді және қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын бекіту. "Ұшты-ұшты" ойыны. Мақсат-міндеттері. Ұшатын және ұшпайтын заттардың ерекшелігін үйрету.	ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына үйрету. "Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Допты жеңіл ұстап, дәлдеп нысанаға лақтыруды үйрету.	
	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; күз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жұмбақ жасыру. "Допты ұстап ал" қимылды ойыны. (дене	Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері: балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап беруге баулу; еңбекті құрметтеуге	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері: ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. Желдің әлсіз және күшті жақтарын ажырата білуді үйрету Еңбек әрекеті: үй	Теректі бақылау. (қоршаған ортамен байланысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ағаштың құрылымын еске түсіру, "терек мамығы" ұғымын бекіту; ұғымталдыққа тәрбиелеу. "Кім бірінші?" қимыл-қозғалыс	Иттерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Иттердің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру; үй жануарына күтім жасауға тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары

	шынықтыру**) Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап алуға дағдыландыру; ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекке баулу, қол еңбегіне қажет материалдарды жинау. Жеке жұмыс: «Р» дыбысына байланысты жаңылтпаш айтқызу. Балалардың еркін ойыны.	тәрбиелеу. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру**) Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлесе істей жасай білуге шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері: өздерінің еріктері бойынша ойын түрлерін таңдау;	өсімдігін отырғызу (тәрбиешінің көмегімен). Үй өсімдігін отырғызуды бақылау. Мақсат-міндеттері. Жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын өз бетінше жинауды үйрету. келетін сөз табу. Тапсырма. Су арқылы желдің күштілігін анықтау. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру**) Мақсат-міндеттері. Балаларды кегльдердің арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; Балалардың еркін ойыны. ойын ойнау кезінде белсенділік таныта білуге тәрбиелеу.	ойыны. (дене шынықтыру**) Мақсат-міндеттері. Балаларды тура бағытта белгі бойынша жылдам жүгіруге машықтандыру; шапшаңдыққа, тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: өскіндерді суару. Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.	(бұршіктер мен жапырақтарды жинау). Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды орындау іскерліктерін жетілдіру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қоймадағы тышқандар". (дене шынықтыру**) Мақсат-міндеттері. Балалардың саламатты өмір салтына, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, Еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету
Балалардың дербес	Ойын-жаттығу.	"Үй жануарын	ойын-жаттығу	"Отбасы" сюжетті-	ойын-жаттығу.

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Әлди-әлди санамағын мәнерлеп оқу. Дауысты [а], [ә] дыбыстары. Мақсат-міндеттері. Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айтуды үйрету, балалардың ойыншықтар туралы әңгімелеу қабілеттерін қалыптастыру, ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру. "Ойыншығыңмен таныстыр" сөздік жаттығуы. Мақсат. Балаларға заттардың қажеттілігі туралы қарапайым сөз тіркестері арқылы айтуды үйрету. дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауды үйрету; (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, жапсыру-коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдылар)	дауысына қарай ажырат" дидактикалық ойын. Мақсат. Үй жануарларының дыбыстарын ажырату қабілеттерін дамыту. ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдаланып қозының бейнесін мүсіндеуді меңгерту.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. (Қошақаным әні) (сөйлеуді дамыту, мүсіндеу, музыка****-коммуникативтік, шығармашылық, дағдылар)	"Әженің көмекшілері". Мақсат. Балаларда "көп", "біреу", деген ұғымдар туралы түсінік қалыптастыру; ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеп әжеге құрт жасап құрттың пішіндерін атау. (математика негіздері, мүсіндеу-танымдық, шығармашылық дағдылар)	рөлдік ойыны. Мақсат. Балаларды отбасылық қатынастарды көбейтуге және оларды шығармашылық тұрғыдан түсіндіруге шақыру, қамыр кесектерінен бөліп алып тоқаш дөңгелектеп, ширату, созу тәсілдерін пайдалана білуді меңгерту. әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру (сөйлеуді дамыту, мүсіндеу, құрастыру-коммуникативтік, шығармашылық, дағдылар)	"Мұрагер".ертегісі. Мақсат. Балаларды "Мұрагер" ертегісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға талпындыру; сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық (көркем әдебиет, мүсіндеу коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдылар)
Балалармен жеке жұмыс	"Менің отбасым" Мақсат. Отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу.	"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Ұқсас белгісіне қарай	"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. «Бір үйде біз нешеуіміз?»	"Өз әжең" тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты: баланың сөздік қорын жақын туыстарын білдіретін	"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. Мақсаты: Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам,

		жапырақтарды таба білуге жаттықтыру, сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту.	Мақсаты: шағын тапқакты мәнерлеп жатқа айтуға.	жаңа сөздермен толықтыру.	Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеүміз? Біз үйде-бесеүміз.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (дербес әрекет)				
Серуен	Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі күн туралы мәлімет беру; күз мезгілінде киілетін киімдердің атауларын пысықтау; ұғымталдыққа тәрбиелеу. "Допты ұстап ал" қимылды ойыны. (дене шынықтыру**) Мақсат-міндеттері: ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту. Балалардың еркін	Ауладағы адамдардың еңбектерін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды қырағылыққа, сұрақтарға толық жауап бере білуге баулу; "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру**) Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Балалардың еркін ойыны.	Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ауа қозғалысы жөнінде бастапқы түсініктемені нығайту. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат міндеттері: ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту. Балалардың еркін ойыны.	Теректі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен байланысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ағаштың құрылымын еске түсіру, "терек мамығы" ұғымын бекіту; ұғымталдыққа тәрбиелеу. "Кім бірінші?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды тура бағытта белгі бойынша жылдам жүтіруге машықтандыру; шапшаңдыққа, зеректікке, достық қарып-қатынастарға тәрбиелеу.	Иттерді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Иттердің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру; үй жануарына күтім жасауға тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қоймадағы тышқандар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға

	ойыны.			Балалардың еркін ойындары.	ойнауға баулу, Өзіндік еркін ойындары
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту коммуникативтік шығармашылық дағды))	«Көліктер» Мақсаты: дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасау. Сөйлеуді дамыту, жапсыру-коммуникативтік шығармашылық дағды)	Театрлық қойылым «Үйшік». ертегісі Мақсаты: ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға, қарапайым сөйлемдерді құруды үйрену әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстардан үйшік құрастыру (көркем әдебиет, қазақ тілі***құрастыру-коммуникативтік, шығармашылық, дағдылар)	«Текемет әсемдеу» Мақсаты: Дайын пішіндерден текеметтің бейнесін әсемдеп жапсыру; (сөйлеуді дамыту жапсыру-шығармашылық дағды)	«Күз сыйы» Мақсаты: қиылғандайын көкөніс, жемістерді себетерге орналастырып жапсыруды үйрету; (сөйлеуді дамыту, жапсыру шығармашылық дағды)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Балалармен қызықты демалыс күндерін өткізуге кеңес беру. Отбасылық серуен ұйымдастырудың маңыздылығын түсіндіру. Айналадағы қоршаған ортамен таныстыруды жалғастыру				